

Осылайша, мемлекеттік қызметтегі кадрларды басқаруды теориялық және практикалық ұғыну мемлекеттік қызметті жаңғыртудың тетігі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бобылева Е.Д. Управление персоналом: в кадре и за кадром // Деловые вести. - 2006. - №3.
2. Милуков А.И., Семчагов В.К. Шведская модель: третий путь развития. -ЭКО.- 1990.- №2.
3. Ефремов В.С. О национальных и международных проблемах подготовки высококвалифицированных кадров //Менеджмент в россии и за рубежом. -№2, - 2002.
4. Портер М. Международная конкуренция: Пер. с англ. /М. Портер; под ред. и с предисл. В.Д. Щетинина. - М.: Международные отношения, 1993. - 679 с.
5. Кравченко К.А. Поиск и отбор персонала: История и современность // Управление персоналом. – - № 12 – С. 39.

ӘОЖ 033.334

ҚАЗАҚСТАН АУМАҚТАРЫНЫҢ КЛАСТЕРЛІК ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Жанатбек Төрехан Рашидұлы

torehan-2000@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, экономика факультеті,
«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы 3курс студенті, Нур-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Исабеков Б.Н.

Аңдатпа: Кластер» термині ағылшынның «cluster» сөзінен шыққан және орыс тіліне аударғанда «шоғырлану», «кептелу» дегенді білдіреді. Заманауи экономикалық, географиялық, әлеуметтік және басқада ақпарат көздерінде «кластер» сөзінің түрлі түсіндірмелері кездеседі.

Қазақстан Республикасының ғылымды қажетсінетін кластерлерін дамыту идеясы өзінің жандану кезеңін басынан өткізуде. Отандық экономиканың алдағы дамуы үшін кластерлі бағытты енгізу қажеттігі жайында алғаш рет 2004 жылы сөз қозғалған болатын. Дәл сол жылы ҚР Үкіметі «Экономиканың игерілмейтін салаларын дамыту арқылы Қазақстан экономикасын диверсификациялау» жобасын бастады. Жобаны әзірлеуді «JE Austin» американ консалтингтік компаниясы кластерлер концепциясының негізін қалаушы ретінде танылған М.Портермен бірлесе отырып қолға алды.

Қазақстанның кластерлі саясаты іске асырылуының алғашқы кезеңінде 2 бастапқы бағыт негізінде қалыптасты:

1) болашақта республика экономикасының өзегі болатын табиғи ресурстарды пайдалану негізіндегі индустриялық сектордағы кластерлер;

2) Орталық Азия аймағында қызметтік және іскерлік аумақ ретінде елді позициясын нығайтуға ықпал ететін сервистік кластерлер.

Әлемдік жаһандану жағдайында мемлекеттің жоғары деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін жекеленген кәсіпорындар емес, тығыз экономикалық өзара қарым-қатынасы бар шаруашылық субъектілерінің кластерлері қамтамасыз ете алады.

Елдің өңірлік даму ерекшеліктерінің бірі – аумақтардың біркелкі әлеуметтік – экономикалық дамуы болып табылады. Барлық елдерде, техникалық, ғылыми, білім беру және инновациялық әлеуетінің деңгейі жоғары атакты аймақтар бар. Мұндай аймақтар «инновациялық даму аумақтары» деп аталады. Әдетте, бұл аймақтар ұлттық экономиканың дамуына үлкен әсерін тигізеді.

Ғылыми әдебиеттерде жиі айтылуы бойынша кластерлерді кем дегенде үш түрге бөлуге болады:

1. «А» типі немесе байланған кластерлер. Кластерлердің бұл түрі ең көне болып саналады. Атап айтқанда, бұл біріктірудің нақты сипаттамалары М. Вебердің және

А. Маршалдың еңбектерінде айтылған болатын. М. Вебер кәсіпкерлердің өздерінің фирмасын көлікке және қызметкерлердің жалақысына жұмсалатын қаржының шығыны аз болатын аумақтарда орналастыруға тырысады деп есептеген. Көлікке жұмсалатын шығын тікелей өндіріліп отырған өнім мен оны тасымалдаудың қашықтығына байланысты. Осыған орай көлік шығындарын минимумға келтіру қажет болды.

XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында өндірілген тауарлар, әдетте, ауыр болатын, сондықтан да көлік шығындары шығындардың үлкен бөлігін құрайтын, ал негізгі табыс нарығы болып ішкі нарық саналатын. Осылайша, М. Вебер және кейінірек А. Маршалда өндірілетін тауарлардың күрделенуімен бірге еңбек ақысына жұмсалған шығын мен өндіріске жұмсалған шығындарды теңестіру де өсе бастайды деп есептеген. Осыған сәйкес, кәсіпкерлер үшін тағы бір ерекшелік болып еңбек нарығына, арнайы даярланған мамандарға қол жеткізу саналады. Еңбекті бағалауға жұмсалатын қаржы

көлік шығынынан асып кеткен күнде білгір кәсіпкер өзінің фирмасын еңбек шығынын азайтатындай етіп орналастыратын болады.

2. «В» типі немесе жаңа өндірістік аумақтар. Жаңа өндірістік аумақтар әдетте ғылымды қажет ететін салалар болып келеді. Олардың ішінде жоғары технологиялық салады жұмыс істейтін компаниялар жиі кездеседі. Жаңа өнім құрастырғанда, олар, алдымен ғылыми зерттеулерге арқа сүйенеді. Мұндай кластер, әдетте, қаланың шеттерінде немесе қаладан сәл шалғай орналасады. Мысалы, Калифорниядағы Силикон алқабы.

«В» типті кластерлер әр түрлі өлшемдегі фирмалардан тұрады: ұлтаралық корпорациялардан бастап орта және шағын бизнес өкілдеріне дейін. Ірі компаниялар

көбінесе кішілеу жеткізушілермен, жобамен бірлесе қызмет жасау үшін ұзақ мерзімді қатынастар құрады. Кейбір жағдайда бұл қатынастар ондаған жылдарға созылады.

3. «С» типі – инновациялық орта. Инновациялық ортада әлеуметтік байланыстар бір компанияда істейтін жеке қатысушылардың арасында ғана емес, әр түрлі компаниялардың қызметкерлері арасында да орнайды. Бұл байланыстар бірінші кезекте алдыңғы бірлескен іс-тәжірибеге негізделеді. Мұндай кластерлер көбінесе фирмалар мен жеке қатысушылардың арасындағы қатынастар бұрыннан орнаған қала аумағында орналасады. Қызметкерлерді оқыту түрлі тәсілмен жүргізіледі: фирма қызметкерлері арасында ақпарат алмасу немесе жеке қызметкерлердің бір фирмадан екінші фирмаға ауысуы. «С» типті кластерлердегі компаниялар, ілесіп жүретін тәуекелге қарамастан, инновациялық жобаларды орындаудағы ортақ мақсатты көздейді.

4. «Д» типті кластерлер – көршілес кластерлер. Бұл кластерлердің көршілес аталуына себеп олардың бір-біріне жақын орналасқаны. Бұл типті кластерлер жоғарыда аталған кластерлерден басқаша жұмыс істейді. Айталық, олардың өндіріс ұйымдастыруда біртекті еместігі. Мұндай кластерлер арасындағы байланыстар шектеулі, алайда сыртқы байланыстары күшті дамыған. Мұндай жағдайда олар Аумақтық өндірістік желі құрмайды және өздері орналасқан аумақпен тығыз байланысы жоқ.

Қазіргі уақытта көптеген шет елдерде кәсіпкерлік субъектілерде, салаларда, өңірлерде елдің инновациялық деңгейін арттыру үшін кластерлік тәсілді қолданады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кластерлік тәсіл өнеркәсіптік саясат мақсаттарына (инновациялық бағытын күшейту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру) қол жеткізу құралы үшін ғана емес, сонымен қатар, аймақтық дамытуды ынталандыру үшін қуатты құрал болып табылады.

2005 жылы Қазақстанда қазақстандық кластерлі инициатива мәртебесіне ие болған «Қазақстан экономикасының қолданыстағы және болашағы бар әлеуетті секторлардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау және оларды дамыту бойынша ұсынымдар қалыптастыру» жобасының жүзеге асырылуы басталды.

Ұлттық экономиканың 150 секторын талдау негізінде сарапшылар тоғыз саланың барынша болашағы бар деген шешімге келді. Нәтижесінде Үкімет «пилоттық» кластерлер дайындалатын 7 негізгі секторды анықтады, олар: металлургия (Орталық Қазақстан), мұнай-

газды машина жасау (Батыс Қазақстан), тоқыма (Оңтүстік Қазақстан), тамақ өнеркәсібі (ауылшаруашылықты облыстар), құрылыс материалдарының өндірісі (Алматы облысы), туризм (Алматы), транспорттық логистика (Қытай мен Еуропа арасындағы транспорттық коридор). Үкімет тарапынан әр бағыт бойынша кластерлі кешен бағдарламалары әзірленіп бекітілді.

Даму институты негізгі назарын құрылыс инфрақұрылымы мен қаржылық қолдауды дамытуға аударды. Келесі сұрақтар анықталып алынды:

- бизнестің егіс науқаны инкубациясы;
- кластерлер үшін «жұмсақ инфрақұрылымды» қалыптастыру;
- жаңа әлеуеттердің стратегиялық маркетингі мен талдауы;
- білікті кадрларды даярлау, оқыту және тарту;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қолдау көрсету және венчурлы индустрияны дамыту.

Посткеңестік барлық елдердегі секілді елдің саяси жүйесіндегі демократиялық институттардың жетіспеушілігі нарықтық бәсекеге қабілеттіліктің қызметіне кедергі болады. Бұл жағдайда халықаралық кеңесшілердің қатысуы да икемді желілік құрылымдық кластерлердің экономиканы басқарудың «тік» құралына айналмайтынына кепілдік бере алмайды. Сондықтан кластерлі бастамалардың 90-шы жылдарда Ресейде таратылған қаржы-өнеркәсіптік топтарды құру бағдарламасы сияқты аяқталуы ғажап емес. Бірқатар сарапшылар кластерлеу үрдісі осы сұрақ бойынша білімнің болмауынан және кластерді құру идеясын түрлендіріп қана қоймай, оны іс жүзінде жүзеге асыруға дайын лидер-фасилитаторлардың жеткіліксіздігінен деп санайды.

Қазіргі таңда инновациялық кластерлерді дамыту идеясы Қазақстанда нағыз реннесанс тудыруда. 2013 жылы ҚР Үкіметінің «2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының болашағы бар ұлттық кластерлерін қалыптастыру концепциясын бекіту туралы» қаулысы қабылданды. Концепция кластерлі саясаттың жүзеге асырылуы бизнестің кластерлі модельді қабылдауға жеткілікті түрде дайын еместігін, ал кластерлерді қалыптастыруды мемлекеттік реттеу шараларының макроэкономикалық ынталандыруға қарай бағыт алғандығын көрсетті.

Бір жағынан, жоспарланған міндеттер еліміздегі кластерлеу үрдісінің өзінің қалыптасу кезеңінде екенін көрсетеді. Ал басқа жағынан, Қазақстандағы кластерлі механизмді енгізу жолындағы біраз кедергілерді де ескерген жөн. Мәселен, бірқатар сарапшылардың пікірінше, отандық ғылымның бәсекеге қабілеттілігінің төменгі деңгейі мен ЖІӨ-дегі экономиканың шикізат бөлігінің жоғары үлесі кластерлі бастамаға кедергі жасауда.

Энергия тасушыларға деген бағаның әлемдік деңгейде өсуі қазақстандық ЖІӨ-ді арттыруды қамтамасыз ете алатыны сөзсіз. Өз кезегінде ЖІӨ-нің артқан көлемі республика азаматтарының өмір сүру деңгейіне оң ықпалын тигізіп, қоғамда жақсы өзгерістерге алып келеді. Бірақ қалыптасқан жағдай ғылыми саланың тартымдылығын арттыруға әсер ете алмайды. Экономиканың шикізат секторынан пайда табу ең тиімді жол екені түсінікті, сонымен қатар тәуекел де аз. Бұл сыбайлас жемқорлық, бюрократия және мемлекеттік сектордың төменгі тиімділігінің туындауына қолайлы жағдай жасайды. Бұл феномен «ресурсты қарғыс» деген атқа ие болды.

«Ресурсты қарғыс» барынша сәтті күрескен ел Норвегия болды. Норвегияда ел экономикасынан мұнайдан түскен қаражатты алып шығу үшін мұнайдан келіп түсетін кірісті шетелдік бағалы қағаздарға жіберіп отыратын Мемлекеттік мұнай қоры құрылды. 2011 жылы Қордың жиғаны 500 млрд АҚШ долларынан асты, бұл елдің ЖІӨ көлемінен жоғары болатын. Норвегияның мемлекеттік бюджетінің 20%-ы мұнай кірістерінен тұрады. Мұндай саясат экономиканың ысынуына жол бермей, экономиканың игерілмейтін салаларының дамуына мүмкіндік береді. Жекеленген популистік партиялар мен функционерлер ел экономикасына құйылатын мұнай кірістерінің арттырылуын қалайды, бірақ бұл ұзақмерзімді келешекте экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етуі мүмкін. Қазақстан да Норвегия мен басқа да жетекші елдердің тәжірибесін зерттей келе Қазақстанда «Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат

қорын құрды. Сарапшылар қазақстандық бюджеттің 40%-дан астамы мұнай кірістерінен деп есептейді.

Аймақтардың экономикалық дамуының бәсекеге қабілеттілігінің моделі ретінде танылған кластерлер идеясы, соңғы 20 жылда әлемнің барлық елдеріне дерлік кең жайылды. Бірақ интернеттегі шолу ақпараттарын есепке алмасақ, осы тақырып бойынша жақсы әрі толық ақпаратты табу қиындау. Фирмалар, компаниялық топтар, альянстар, технопарктер мен өнеркәсіптік кластерлер өз құпияларын ашпауда. Бұған қоса кластерлерді қалыптастыру мен дамыту бойынша ең мықты әлемдік тәжірибені зерттеп, оған талдау жасау маңызды әрі қажет нәрсе.

Қазіргі кезде әлемге әйгілі кластерлер Финляндиядағы орманөнеркәсібінің кластері, Нидерландыдағы бақша кластері, Норвегиядағы теңіз кластері, Германия мен Ұлыбританиядағы биотехнологиялық кластерлер, АҚШ-тағы телекоммуникациялық және компьютер клас терлері, Италиядағы жеңіл өнеркәсіп кластері. 2013 жылдың есебі бойынша кластерлеу үрдісіне әлемнің жетекші экономикасының 50%-ы енген. АҚШ-та жұмыс істеп жатқан 380 кластер; Италияда – 206 кластер; Ұлыбританияда – 168 кластер; Үндістанда –106 кластер; Францияда – 96 кластер; Данияда – 34 кластер; Германияда – 32 кластер; Нидерландыда – 20 кластер; Финляндияда 9 кластер.

Нарықтық байланыс мен бәсекенің деңгейі, көшбасшы-фирмалардың саны, кіші бизнес пен инновацияның дамуы, интернационализация, тікелей шетелдік инвестицияның болуы секілді критерийлерді негізге ала отырып, И.С. Алейникова, П.В. Воробьев, В.А. Исакидис кластерлі құрылыстың 6 түрлі моделін алға тартты, олар – итальяндық, жапондық, финдік, солтүстік американдық, үндіқытайлық және кеңестік.

Кластерлеу үрдісі Дания, Финляндия, Норвегия және Швеция өнеркәсіптерін толық қамтыған. Осылайша кластерлі тәсілдің нәтижелілігін Финляндияның тәжірибесі көрсетіп отыр, мұнда кластерлі тәсіл елдің өнеркәсіптік саясатын қалыптастыруда пайдаланылған. Міне сондықтан да 2000-шы жылдар бойы бәсекеге қабілеттіліктің әлемдікрейтингтерінде жетекші орынды бермей келген. Жоғары өндірушілігімен ерекшеленген кластерлер есебінен, 0,5% ғана әлемдік орман ресурстарына ие бола отырып Финляндия, ағаш өңдеу өнімінің әлемдік экспортының 10%-ын, қағаздың 25%-ын құрайды. Телекоммуникациялық нарықта ол мобильді байланысты жабдықтаудың әлемдік экспортының 30%-ын, мобильді телефондардың 40%-ын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, ҚР-ның келешегі бар Ұлттық кластерлерін қалыптастыру концепциясында көрсетілгендей, кластерлерді дамытудағы негізгі мәселелер инновациялық өнімге сұраныс пен ұсыныстың жоқтығы болып табылады, бұл өз кезегінде «технологиялық қақпанға» алып келеді; қызметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, инновациялық және венчурлы кәсіпкерлердің жоқтығы, ашық инновациялардың енуі мен оларды отандық бизнестің қолдауының төменгі деңгейі. Кластерлі талдаудың маңызды артықшылығы, бұл тәсіл бәсекеге қабілеттіліктің жекеленген салаларына назар аударып қана қоймай, салалар мен фирмалар арасындағы байланысқа, өндіріс пен бәсеке факторы жүйелерінің дамуына, өндірістің артуына, салалар мен фирмалар арасындағы ақпараттық алмасудан қосымша пайда табуға мәнбереді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Исабеков Б.Н., Мұхамбетова Л.Қ. Инновация және кәсіпкерлік. Оқулық. – Астана, 2017. 540-578 б.
2. Woolley, J. L., & Rottner, R. M. (2008). Инновациялық саясат және кәсіпкерлік теориясы мен практикасы, 32 (5), 305–511 б.
3. European Commission. Innovation Clusters in Europe – A Statistical Analysis and Overview of Current Policy Support (2006). Luxembourg: Office for Official Publications of the European Communities
4. Марамохина Е. В. Инновационный риск: понятие, этапы управления // Молодой ученый, 2013. – №5. – Б. 348-351